

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2022 жыл 2 апта

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ: №6 «Жасұлан» МАД тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 7.11-11.11.2022

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 07.11.2022	Сейсенбі 08.11.2022	Сәрсенбі 09.11.2022	Бейсенбі 10.11.2022	Жұма 11.11.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Жануарлармен ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті) Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. (көркем әдебиет) Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңберін өткізу Видео арқылы «Көңілді күн» әніне іс әрекеттер жасау. Орман деген не? Орманда болдың ба? Ол қандай? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.				

	«орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Олардың айырмашылығын суреттер арқылы атай білуін қалыптастыру.	салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйеніп отырып, түстер мен олардың реңктерін беру. Бақылаған ағаштың бейнесін бере білу арқылы мүсіндеу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) қолдануды жетілдіру арқылы ағаш бейнесін жапсыру. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша құрастыру.	естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Математика негіздері 8 көлеміндегі санды тура және кері санауды пысықтау. Дәптермен жұмыстар. «Артығын тап» дидактикалық ойын. Әр түрлі заттар топтамасынан сызбаартығын табу.	ретін анықтауды үйрету. Жазу дәптерлерімен жұмыс Қоршаған ортамен таныстыру Қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу дағдыларын дамыту. Сөзім мүшелерінің қызметі туралы түсінік беру.	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлесуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласындағы ағаштарды қарау, атын атап, тану, ағаштардан түскен жапырақтармен дәндерді бұталарды жинау. (Зерттеу іс-әрекеті) Күзгі бақта еңбек етіп жатқан балалардың суретін бояу (бейнелеу іс-әрекеті)	Ағаштардан түскен бұталарды жинап, салыстыру. "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек" «Енді, еңсіз» деген сөздерді қолдануды үйрету. (танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Бұталар қалай пайда болады тақырыбында	Балабақша ауласын мекендейтін құстар мен жануарларды бақылау, оларға күтім жасау. Осы құстар мен жануарлар орманда мекендей ала ма? Неге? (зерттеу, танымдық, еңбек іс-әрекеті)	Ағаштарды бақылау, бұтағы, діңі, жапырағы туралы ақпарат беру. Орманды қорғау туралы әңгімелесу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Ағаштың бұтақтарымен құмда	Ормандағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Ормандағы ережелерді салу, жасау. Ағаштардың арасына орналастыру. Орманда рөлдік ойынын ойнату. Бауырсақ, қызыл телпек ертегілерін сахналату. (Қарым-қатынас, зерттеу, танымдық іс-

	Еңбек құралдарын ермексаздан мүсіндеу (Шығармашылық іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Асық ойыны»	өңгімелесу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Құрылыс материалдарынан гажайып қалалар құрастыру (Зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»	Құстар, жануарлар туралы жұмбақтар шешу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Сақина жасыру»	сурет салу. (Бейнелеу іс-әрекеті) Ағаш бұтақтарымен табиғи қалдық материалдармен ұжымдық құрастыру. (Шығармашылық іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Хан талапай»	әрекеттері) Сергіту жаттығуы Жапырақтар тербеледі, Желмен ұшып теңселеді, Дөңгеленіп, айналып, Жерге қонар кез келді. Еркін ойындар Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтан соң ас қайыру, бата беру.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қояды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасау. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге және жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ				

	моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды қарау, кітаптағы орман бақша шалғын суреттеріне қарап ойдан ертегі құрастыру. Бір біріне айтып беру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Табиғи құрастыру құралдарынан орман құрылымын құрастыру. Ұжымдық жұмыс. (танымдық іс-әрекет)	«Қарағай» Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Кең құшағын ашады, Көлеңкесін тосады. Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай. <i>М.Әлімбаев</i> Тақпақты жаттау. Бір біріне айтып беру. (Қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)	«Орманда» тақырыбында ұжымдық жұмыс (Шығармашылық іс-әрекет) Кітаптарды қарау. Тақпақ жаттау. Еркін сахналау әрекеті (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	Орман бейнесі бар пазлдарды жинату, логикалық ойын тапсырмаларын робототехника арқылы орындату (Танымдық, зерттеу іс әрекет)	Орман бейнесіне қарап суретін салу (Бейнелеу іс-әрекеті) Тұзды камырдан ағаштардың бейнесін жасату (Шығармашылық іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Бақша ауласындағы қимылды ойын жапырақтарды жинату. (еңбек іс-әрекеті)	«Жүгіріп өтуге үлгер»	Қимылды ойын «Кегли» Көңілді әуенге би	Орманнан шығар жол сызбасын таяқпен жерде сызу	Қимылды ойын «Соқыр қойшы»

	Қимылды ойын «Кегди» Балалардың еркін ойыны	Балалардың еркін ойыны	Белсеу, ән тыңдау. (музыка) Балалардың еркін ойыны	(танымдық іс әрекет) Қимылды ойын «Кегди» Балалардың еркін ойыны	Балалардың еркін ойыны
Балалардың үйге келіуі	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру				

«Тексерілді»
 №15 Әлия бөбекжайы
 МКҚК-ны әдіскері:
 У.Г.Нурмухамметова *У.Г.Н*
 « 04 » 11 / 2022жыл